



ҚҰРМЕТ

Сала саңлақтарының салтанаты

Биылдан бастап, қазақстандықтар Энергетик күнін 22 желтоқсанда атап өтеді. Аймақ әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов және облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов сала ардагерлері мен үздіктерін министрлік пен облыстың атынан Құрмет грамоталарын табыстады. Салтанатты жиынға саланың дамуына орасан үлес қосқан ардагер-энергетиктер де қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сөзінің басында Азамат Тайжанов өңірдің және жалпы елдің тұрақты экономикалық дамуы үшін энергетиктер жұмысының маңыздылығын ерекше баса белгіледі.

– Бүгінде энергетикалық саланың заман ағымымен қатар дамуы ерекше мәнге ие. Жас мамандарды даярлау, оларға тәжірибе беру әрі ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету, инновациялық тәсілдерді енгізу қажет. Өңірде энергия тиімділігіне, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға және экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне көбірек көңіл бөлінуде. Соңғы жылы энергетикалық секторды жаңғырту бойынша үлкен жұмыс атқарылды: желілер жаңартылды, жабдықтар жақсартылды, соның арқасында үйлер тұрақты жылу мен жарық алады. Ал, кәсіпорындар іркілссіз жұмыс істейді. Осының бәрі – сіздер сарп еткен ерен еңбектің, кәсібилік пен жауапкершілік нәтижесі. Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің адал еңбектеріңіз алдағы уақытта да тұрақты энергиямен жабдықтаудың сенімді негізі болып қала берсін! – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.



«Қарағанды Жарық» ЖШС Бұқар жырау ауданының қосалқы стансасының жабдықтарын пайдалану жөніндегі шебері Ольга Бернгардт энергетика саласына 25 жылдан астам ғұмырын арнаған. Ол жабдықтарды пайдалану шеберіне дейінгі кәсіби өсудің барлық сатысынан өтті. Ольга – жоғары білікті маман ғана емес, көптеген шәкірт дайындаған тәжірибелі тәлімгер. Мереке қарсаңында ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.

– Мен үшін энергетика – өмірдің мәні. Өз жұмысымды өте жақсы көремін. Маған жабдықтармен жұмыс істеу ұнайды. Пре-

зидент қолынан сыйлық алу күтпеген сый болды. Бұл – еңбегіме берілген жоғары баға. Біздің ұжымымыз өте ұйымшыл әрі тату. Өрқашан көмектеседі және қолдайды. Өріптестерімді энергетик күнімен құттықтаймын! Баршаңызға денсаулық тілеймін. Үйде әрдайым жарық, жылы, ал, жан дүниенізге махаббат жылуы орнасын! – деді ағынан жарылып Ольга Бернгардт.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Kazakhmys Energy» ЖШС «Топар бас тарту энергостанциясы» ЖШС бу турбиналарының машинисі Татьяна Калинина да марапатталды.

Боранбай Жұмағали жылу желісіне қы-

змет көрсету бойынша 5-разрядты слесарь болып жұмыс істейді. Биыл Южный кентінде жаңа қазандық іске қосылған. Енді ол жабдықтарды игеру үстінде. Боранбай Жұмағали көп жылғы еңбегі үшін Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

– Энергетика саласында 20 жылдан астам жұмыс істеймін. Өз жұмысымды өте жақсы көремін. Әсіресе, қазір жаңа қазандық салынғалы бері жұмыс істеу жеңілірек, жайлы және қауіпсіз болды. Менің еңбегімді атап өткені үшін рахмет! – дейді кәнігі энергетик.

Айта кетелік, Қарағандыда үшінші жылу

электр орталығын ауқымды кеңейту басталды да, жаңа жылу магистралі іске қосылды. Өңірдің электр стансалары энергияны көбірек өндіре отырып, болашаққа сеніммен қадам басты. Газдандыру ісі де сәтімен жалғасуда. Мәселен, Қарағанды мен Теміртаудағы мыңдаған үй алғаш рет газға қол жеткізді. Облыс орталығын сумен қамтуға жүз пайыздық меже еңсерілді.

Салтанатты жиын соны естелік сурет түсіріліміне ұласқан-тын. Құрмет грамотасы мен медаль атаулысы ендігіде өз иесінің үйіндегі ең қадірлі орынды иесейді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

РЕСМИ

Куәлікті салық төлемей аласыз

Ендігі жылдан бастап Қазақстан азаматтары жеке куәлікті алғаш рет алған кезде немесе құжаттың қолданылу мерзімі аяқталып, ауыстырған жағдайда мемлекеттік баж салығын төлемейді. Бұл туралы Polisia.kz ақпараттық порталы хабарлады.

Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы Аслан Аталықовтың айтуынша, жаңа тәртіп азаматтар үшін мемлекеттік қызметтерді алуды жеңілдетуге бағытталған.

– Жеке куәлік алғаш рет берілген кезде тегін болады. Сондай-ақ, құжаттың жарамдылық мерзімі аяқталған соң оны ауыстырған жағдайда да мемлекеттік баж алынбайды, – деді комитет төрағасы.

Айта кетейік, аталған өзгеріс 2026 жылдың басынан бастап күшіне енеді.

Өз тілшімізден

Алаяқтықпен ашық күрес

Елімізде цифрландыру үдерісі күн сайын тереңдеп келеді. Банктік операциялар, мемлекеттік қызметтер, сауда-саттық пен күнделікті қарым-қатынас та интернет кеңістігіне көшті. Бұл – уақыт талабы. Алайда, осы ыңғайлылықпен бірге қоғам интернет-алаяқтық деңгейіне жаңа қауіппен бетпе-бет келіп отыр. Бүгінде бұл құбылыс тұтас қоғамдық қауіпсіздікке төнген елеулі қатерге айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында азаматтардың қауіпсіздігін, соның ішінде, цифрлық кеңістіктегі қорғалуын қамтамасыз ету мәселесіне ерекше тоқталды. Киберқауіпсіздікті күшейту, қаржылық және цифрлық сауаттылықты арттыру жөнінде тапсырма берді. Осы міндеттер аясында Қарағанды қаласында интернет-алаяқтықпен күрес жүйелі сыпат алып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Статистиканың арғы жағындағы тағдырлар

Интернет-алаяқтық мәні жағынан дәстүрлі алаяқтықтан алшақ емес. Ол да



Коллаж жасаған Аруйым Коктасев

алдау мен сенімді теріс пайдалануға негізделеді. Бірақ, виртуалды кеңістіктің ерекшелігі бұл қылмысты күрделендіріп, салдарын ауырлата түседі. Анонимділік, физикалық қашықтық пен уақыттың жылдамдығы қылмыскерлердің әрекетін

анықтауда қиындық туғызады.

Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бауыржан Мұхамеджанов бұл жағдайды нақты деректермен түсіндіріп берді.

– Интернет-алаяқтық ең көп тіркелетін әрі ашылуы күрделі қылмыс түріне жатады. Қарағанды қаласының өзінде 1 777 интернет-алаяқтық фактісі тіркелді.

► 3-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Еркемов көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
		6 ай	12 ай	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай	13 770,14	10 141,30
		12 ай	27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай	6 141,30	5 891,30
		12 ай	12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



Анықтама телефоны:
41-26-85,
8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail:
otdel.pochtovyy@bk.ru

Каспи QR
арқылы жазылуға
болады

Негіз бар, жоспар ауқымды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аяқталуға жақын. Аяқталғанымен жыл аясында қолға алынған игі бастамалар, оң өзгерістер жалғасын табады. Әсіресе, экономиканың негізгі салалары үшін білікті кадрлар даярлау – маңызды міндеттің бірі. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында білім беру сапасын арттыруға, заманауи технологияларды енгізуге және колледждердің кәсіпорындармен өзара іс-қимылын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрасында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат отырысында айтылды. Облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев бірқатар жетістіктерге және алдағы жоспарларға тоқталды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сала басшысының ресми дерегінше, аймақта 52 колледж бар. Білім ордаларында 33 мыңнан астам студент білім алуда. Олардың едәуір бөлігі мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Атап айтқанда, 26 305 студент, немесе 78,2%-ы. Дулат Жекебаев осы жылы білікті кадр дайындау жұмыстары қандай деңгейде жүзеге асқанын айтты.

– Биылғы оқу жылында облыстың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына 9 300 студент қабылданды. Олардың 7 300-і жергілікті бюджет қаражаты есебінен, ал, 2 000-ы республикалық бюджет есебінен білім алуда. Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру кезінде Жаңа мамандықтар атласының басымдықтары мен өңірді аумақтық дамыту бағдарламасы ескерілді. Даярлауды өзектендіру мақсатында колледждердің білім беру бағдарламалары экономикадағы өзгерістерді ескере отырып жаңғыртылды. Цифрлық технологиялармен, автоматтандырумен және негізгі салалардың дамуымен байланысты жаңа мамандықтар мен бағыттар енгізілді. Нәтижесінде техникалық бағыттар бойынша қабылдау көлемі орта есеппен 60%-ға артты. Әсіресе автокөлік жасау, цифрлық техника, автомобиль жолдары мен аэродромдарды салу және пайдалану, нан-тоқаш, макарон және кондитерлік өндіріс – 37,5%, электр

Автокөлік жасау – 67%-ға; цифрлық техника – 59%, автомобиль жолдары мен аэродромдарды салу және пайдалану – 51,3%, нан-тоқаш, макарон және кондитерлік өндіріс – 37,5%, электр



жабдықтары – 28%, электрмеханикалық жабдықтарды техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану – 22,5%, ауыл шаруашылығын механикаландыру – 12,6%-ға артты. Өткен жылы мемлекеттік тапсырыс қарастырылмаған «Темірбетон және металл бұйымдарын өндіру» мамандығы бойынша биыл 15 бюджеттік орын бөлінді, – деді Дулат Жекебаев.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс артып келеді» деген еді. Осыған орай цифрлық трансформация мен жасанды интеллектіні қолдану жөніндегі ұлттық міндеттерді ескере отырып, Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжі өз бейінін өзгертіп, «Цифрлық технологиялар және дизайн колледжі» болып қайта аталды.

Сонымен қатар, 2026 жылы болашақтың құзыреттерін қалыптастыратын бес жаңа мамандық ашу жоспарлануда: маркшейдерлік іс, ет және ет өнімдерін өндіру, бұйымдарды химиялық тазалау және бояу, графикалық және мультимедиялық дизайн, гидротехникалық мелиорация.

Өңірде колледждерді бейіндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Екі колледжде қайта ұйымдастыру және онтайландыру жүргізіліп, Қарағанды жоғары политехникалық колледжіне Қарағанды тау-кен индустриялық колледжі қосылды.

Мамандардың практикалық даяр-

лығын арттыру мақсатында дуальды және нысаналы оқыту нысандары енгізілуде. Бүгінгі күні дуальды оқыту 41 колледжде жүзеге асырылып, 8 891 студентті қамтып отыр.

– Нысаналы даярлау 18 колледжде жүргізіліп, шамамен бір жарым мың студентті қамтиды. Бұл ретте кәсіпорындар нақты мамандарды даярлауға тікелей тапсырыс береді. «KamaTyresKZ» ЖШС, «QazTechna» ЖШС, «Татшина» ЖШС, «Qarmet», «Kazakhmys», «Silk Road Electronics» сияқты жетекші кәсіпорындармен тығыз өзара іс-қимыл жолға қойылған. Өңір кәсіпорындарымен әлеуметтік әріптестік те дамып келеді. 124 кәсіпорынмен 101-ден астам меморандум мен шарт жасалды. Шефтік қолдау колледждерді жабдықтауды, практикаларды ұйымдастыруды және студенттерді жұмыспен қамтуды, педагогтердің тағылымдамадан өтуін, сондай-ақ, кәсіби шеберлік байқауларын өткізу кезінде демеушілік қолдауды қамтиды, – деді басқарма басшысы.

Облыстық білім басқармасы мамандарды даярлауда сапаға ерекше назар аударып отыр. «Жас маман» жобасы аясында облыс колледждерінде 14 заманауи құзырет орталығы құрылды. Сонымен қатар, халықаралық стандарттар бойынша студенттердің кәсіби дағдыларын бағалайтын және сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін демонстрациялық емтихандар енгізілуде.

Студенттердің техникалық және жұмысшы мамандықтарға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. «Мектептерде 1000 бейінді сынып ашу» жобасы аясында бүгінде облыстың 83

мектебінде IT, агросынып, тау-кен ісі, теміржол ісі, инженерлік іс, өлкетану, медицинасынып, сондай-ақ, медициналық және педагогикалық бағыттар бойынша 126 бейінді сынып ашылды. Бұл сыныптар 1 979 оқушыны қамтып отыр.

Кәсіптік бағдар беру тиімділігін және жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды арттыру мақсатында «ProfiWay» цифрлық платформасы енгізілді. Платформа арқылы кәсіпорындарға бару, студенттердің жұмыс берушілермен кездесулері және басқа да кәсіптік бағдар беру іс-шаралары ұйымдастырылады.

Түлектерді жұмыспен қамтуды қолдау тетіктері, соның ішінде, гранттар, әлеуметтік кепілдіктер және өндірісте бейімделуге көмек көрсету шаралары да жүзеге асуда.

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 9 028 түлек диплом алды. Бүгінде 74%-ы жұмысқа орналасқан. Басқарма мамандарының жүргізген мониторингінә сүйенсек, басым бөлігі мамандығы бойынша еңбек етуде. Түлектердің бір бөлігі жоғары оқу орындарында білімін жалғастырып, кейбірі әскер қатарына шақырылған, ал енді бірқатары шетелге шығып, халықаралық тәжірибеден өтіп жатыр екен. Басқарма басшысының сөзінше, даарлықтың жоғары деңгейі нақты нәтижелермен расталуда.

Биыл Теміртау жоғары политехникалық колледжінің базасында гидротехникалық құрылыс және мелиорация бойынша Құзыреттер орталығы ашылды. Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, кәсіпкерлік және кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ, заманауи білім беру ортасын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінің базасында «Coffee Time» брендімен студенттік бистро құрылды. Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің базасында «Ақылды үй» зертханасы іске қосылды.

Облыстың 5 колледжі халықаралық аккредиттеуден өткен. Қарағанды жоғары политехникалық колледжі – энергетика саласы бойынша салалық халықаралық аккредиттеуден; Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі – «Құрылыс және дизайн» бейіні бойынша мамандандырылған салалық халықаралық аккредиттеуден, Шахтинск технологиялық колледжі – «Дәнекерлеу ісі» бейіні бойынша халықаралық салалық аккредиттеуден, Теміртау жоғары политехникалық колледжі мен Қарағанды банк колледжі халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті. Бұл – кадрлар даярлаудың жоғары сапасын және білім беру бағдарламаларының әлемдік талаптарға сәйкестігін растайды. Мұндай жетістіктер өңірлік техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің беделін арттырып, облыстың кәсіби білім беру орталығы ретіндегі позициясын нығайтады.

Жетістіктер де айтылды. Мәселен, өңір студенттері «WorldSkills Kazakhstan 2025» республикалық кәсіби шеберлік чемпионатына қатысып, облыс құрамы III орынға ие болды. 51 қатысушы 43 құзырет бойынша бақ сынады. Жалпыкомандалық есепте құрама қоржынымызда 5 алтын, 7 күміс және кәсібилік үшін 14 медаль бар.

Биыл облыста мүмкіндігі шектеулі жандар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған «Abilympics Karaganda» II өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты да өтті.

Аппараттық жиын соңында облыс әкімі Ермағанбет Қабуллаулы басқармаға нақты міндеттерді жүктеді.

– Бүгінде сенімді негіз қаланды, ендігі міндет – қол жеткізілген нәтижелерді одан әрі күшейту, яғни, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тұрақты өзектендірілуін қамтамасыз ету. Бұл – мемлекеттік тапсырысты жедел қалыптастыру үшін өңірдің кадрға деген нақты қажеттілігіне терең талдау жүргізуді, колледждерді бейіндендіруді және ірілендіруді аяқтауды, сондай-ақ, білім беру сапасының халықаралық талаптарға сәйкестігін бағалау және жетекші шетелдік елдермен тәжірибе алмасу арқылы халықаралық стандарттарды енгізуді қамтиды. Осы міндетті орындау – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Бұл үшін әр басқарма, әр әкімдік өз құзыретіне сай белсенді жұмыс атқаруы керек, – деді аймақ басшысы.

• ФОРУМ

Өңір өндірісінің өрлеуіне қадам

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті базасында QazTech өңірлік инновациялық-индустриялық форумы өтті. Іс-шара облыстық Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен бірлесіп ұйымдастырылып, өңірдің өнеркәсіптік, ғылыми және инновациялық әлеуетін бір арнаға тоғыстырды. Форум жұмысына өнеркәсіп кәсіпорындары, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, мемлекеттік органдар мен жас зерттеушілер қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы күні аймақ дамуының төрт басым бағыты бойынша кластерлік пікірталас ұйымдастырылды. Атап айтқанда, тау-кен металлургия кешені, көмір-химия және жаңа материалдар, «Индустрия 4.0» тақырыбы, сондай-ақ, экология мәселелері кеңінен талқыланды. Пікірталасқа бейіндік бағыттағы оқытушылар мен студенттер белсенді қатысып, өңірлік экономика үшін маңызды ұсыныстарды сарапқа салды. Сонымен қатар, «QazTech» инкубаторының стартаптар көрмесі өтіп, өнеркәсіп кәсіпорындарының нақты сұраныстарына бағытталған технологиялық жобалар «Demo Day» форматында таныстырылды. Екінші күні «Инновациялық синергия: индустрия – ғылым – мемлекет» атты сессия өтті. Онда өнеркәсіп, ғылыми ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, қолданбалы ғылыми әзірлемелерді өңір экономикасына енгізу жолдары талқыланды.

– QazTech форумы ғылым, өндіріс және мемлекеттік құрылымдар арасындағы нақты



өзара іс-қимылды жолға қоюға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды. Мұнда көтерілген бастамалар мен ұсыныстар қағаз жүзінде қалып қоймай, өңір экономикасына нақты енгізілетін жобаларға ұласуы тиіс. Біз үшін басты мақсат – ғылыми әлеуетті өндірістің нақты сұранысымен ұштастырып, жаңа технологияларды кәсіпорындарға жедел енгізу, – деді кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев.

Форум аясында QazTech технологиялық стартап жеңімпаздары анықталып, бес қондамаға ақшалай сыйақы табысталды. Сонымен қоса, қолданбалы ғылыми-технологиялық әзірлемелер байқауы қорытындыланып, төрт ғылыми-өндірістік кластер аясында сегіз жоба үздік деп танылды. Жеңімпаздар қатарында Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары, өңірдегі өзге де жоғары оқу орындарының өкілдері және Тұрақты даму қоғамдық қорының командасы бар.

Форум барысында инновацияларды мемлекеттік және институционалдық қолдау, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру, технологиялық трансфер және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша салалық эксперттік интенсивтер өтті. Сондай-ақ, инновациялық әзірлемелер көрмесі ұйымдастырылып, өңірлік ғылыми әлеуеттің мүмкіндіктері таныстырылды.

Айта кетейік, форум жұмысына өңірдегі 80-нен астам серіктес кәсіпорындар мен облыстың жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты. Бұл ғылым мен өндіріс арасындағы ынтымақтастыққа деген қызығушылықтың жоғары екенін және өңірде инновациялық экожүйенің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Сурет Ә.Сағынов атындағы Қарағанды политехникалық университетінің баспасөз қызметінен

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жарымжан жарнамаға жол жоқ!

Қарағанды қаласында «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиын барысында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың қолдауымен жүзеге асқан «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін біріздендіру» әлеуметтік жобасының нәтижесі жарияланды. Аталған жоба аясында шағын және орта бизнес нысандарында тіл және жарнама туралы заңнама талаптарының сақталуына мониторинг жүргізілген болатын.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба шеңберінде жұмыс тобының мүшелері мен еріктілер кәсіпкерлермен тұрақты кездесулер өткізіп, көрнекі ақпарат пен жарнаманы заң талаптарына сәйкестендіру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Биыл бұл жұмыстармен 3530 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қамтылған. Сонымен қатар, Call-center қызметі арқылы 1000-нан астам жарнама және көрнекі ақпарат мәтіні тексеріліп, тегін ері сауатты аударма ұсынылды.

Дөңгелек үстел барысында жұмыс тобының мүшесі, Қарағанды қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекзат Бақытұлы тіл заңнамасын сақтау талаптарына тоқталды.

– Жалпы тіл заңнамасын сақтау – баршаға ортақ міндет. Бізге жүктелген негізгі міндет – сауда орындарындағы жарнама тілдерін біріздендіру болды. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» заңының 21-бабына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпарат алдымен мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс және басқа да тілдерде орналастырылуы тиіс. Сонымен қатар, мәтіндердің орналасу тәртібі де нақты белгіленген: мемлекеттік тілдегі мәтін сол жақта немесе жоғарыда, орыс тіліндегі мәтін оң жақта немесе төменгі бөлікте берілуі керек. Екі тілдегі мәтіннің

өлшемі бірдей болуы шарт, – деді ол.

Сондай-ақ, жиында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың басшысы Алма Қабыкенқызы атқарылған жұмыстардың жүйелі әрі нәтижелі жүргізілгенін атап өтті.

– Біз бір жыл бойы бірнеше рет кездесіп, барлық өңірлерге шықтық. Сол кездесулер барысында «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заң талаптарын, соның ішінде хабарландырулар, жарнамалар, преysкуранттар, мәзірлер, көрсеткіштер және өзге де визуалды ақпараттың қалай дұрыс орналастырылуы керектігін түсіндірдік. Бүгінде тұтынушылар өте сауатты, олар қызмет көрсетудің сапасына да, тілдік талаптардың сақталуына да мән береді. Қуантарлығы – кәсіпкерлер бұл талаптарды түсініптікен қабылдап, орындауға дайын, – деді ол.

Оның айтуынша, жыл ішінде даулы жағдайлар тіркелмеген. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүйелі түрде жалғасады.

Жиын соңында мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттың сауатты рәсімделуіне үлес қосып жүрген жарнама агенттіктерінің өкілдеріне, тіл жанаушыларына, колледж және жоғары оқу орындарының студенттеріне Алғыс хат табысталды.

Алаяқтықпен ашық күрес

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әр фактінің артында адамның сенімі, жинаған қаражаты, бүкіл отбасының әл-ауқаты тұр, – дейді ол.

Аталған деректер интернет-алаяқтықтың қаншалықты кең таралғанын әрі оның әлеуметтік салмағын да аңғартады.

Интернет-алаяқтардың әрекет ету тәсілі әртүрлі болса да, ортақ ерекшелігі – адамға психологиясы арқылы қысым жасау. Көбіне алаяқтар өзін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе прокуратура өкілі ретінде таныстырып, азаматтарға жалған қоңырау шаалады.

– Қаскөйлер ең алдымен қорқыншы тудырады. «Шотыңыздан күмәнді операция жасалу-да», «ақшаңыз жоғалуы мүмкін» деген сөздер адамды асығыс шешім қабылдауға итермелейді. Осындай сәтте азаматтар байқаусызда эмоцияға беріліп, өз ақшасын өзі алаяқтарға аударып жіберуі әбден мүмкін, – деп түсіндірді Бауыржан Мұхамеджанов.

Бұл тәсілдің қауіптілігі – барлық әрекеттің жәбірленушінің өз қолымен жасалатындығында.

Соңғы жылдары интернет-алаяқтықтың ең қауіпті түрінің бірі – жалған инвестициялық жобалар. Әлеуметтік желілер мен интернеттегі жарнамаларда 20-50 пайыз, кейде, тіпті, 70 немесе 250 пайыз табыс уәде етіледі. Экономикалық тұрғыдан қисынсыз бұл көрсеткіштерге қарамастан, көптеген адам үмітке еріп, қаржысынан айырылып жатқанын атап айту керек.

Сала мамандарының айтуынша, алаяқтар үшін нақты цифралардың шынайылығы маңызды емес. Олардың мақсаты – адамның сенімін жаулау. Сайттағы «табыс» – көзбояушылық қана. Ақша ешқандай биржаға түспейді, барлығы бірден алаяқтардың қолына өтеді.

Технология – мүмкіндік әрі қауіп

Дерекке сүйенсек, қашықтан басқару бағдарламалары арқылы жасалатын алаяқтық та алаңдатарлық деңгейде. TeamViewer, AnyDesk, Hordesk секілді қосымшаларды орнатуға көндірген алаяқтар жәбірленушінің телефоны мен мобильді банкингіне толық қол жеткізеді. Бұған қоса, фишингтік сілтемелер, жалған SMS-хабарламалар, электрондық пошталар арқылы деректерді ұрлау әрекеттері де азаймай отыр.

WhatsApp пен Telegram

арқылы бұзылған аккаунттардан «қарыз сұрау» тәсілі де әлі күнге дейін өзекті.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, интернет-алаяқтық құрбандарының басым бөлігі – 70 жастан асқандар. Қаржылық және цифрлық сауаттылықтың төмендігі, сенімділік пен ақпаратты тексеру дағдысының болмауы бұл санаттағыларға қауіп төндіріп отыр.

Ал, бұл жағдай мамандарға профилактикалық жұмыстың бағытын айқындап беріп отыр.

Алдын алу – ең тиімді жол

– Біз қылмысты ашудан бұрын оның алдын алуға басымдық беріп отырмыз. Интернет-алаяқтықтың алдын алу – ең әуелі халықты ақпараттандыру, – деп атап өтті Қарағанды қаласы полиция басқармасы бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Дүйсен Асқаров.

Бұл бағытта кеншілер қаласында ауқымды ақпараттық жұмыс жүргізілуде. Атап айтсақ, қаланың кинотеатрларында, LED-экрандарда тәулік бойы профилактикалық бейнероликтер көрсетіледі. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде тұрақты түрде ескертулер жарияланады.

– Жолаушылар ағыны көп №53, 43, 118 және 146 маршруттары арнайы тандалды. Ай сайын екі апта бойы №3 автопарк автобустарында бейнероликтер көрсетіледі. Сонымен қатар, QR-кодтары бар 1000 жадынама қоғамдық көліктерге орналастырылды, – дейді Дүйсен Қайратұлы.

Бүгінде қала аумағында интернет-алаяқтықтың алдын алу жөніндегі ақпараттық баннерлермен безендірілген үш рейстік автобус жолға шыққан. Сауда-ойын-сауық орталықтары мен банкоматтар маңында полиция қызметкерінің 42 көлемді макеті де орнатылыпты.

Банк картасының деректерін бермеу, SMS-кодтарды хабарламау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, белгісіз қосымшаларды орнатпау сынды қарапайым қағидаларды біле жүру қажет-ақ.

Цифрлық дәуірдің көлеңкелі салдарымен күрес маусымдық шарамен шектелмейтіні тағы рас. Қарағанды қаласында іске асырылып жатқан кешенді шаралармен Мемлекет басшысы тапсырмаларының нақты орындалып жатқанын көрсетеді. Жасырын қауіппен ашық күресте қырағалықтан танбайық!

• КЕЗДЕСУ

Алынбайтын қамал жоқ

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде жастардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға арналған «Адал азамат» бағдарламасы аясында ерекше, есте қаларлық кездесу өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы әлеуметтік осал топтардың құқықтары жөніндегі уәкіл, Парламент Мәжілісінің депутаты Кенжегүл Сейтжан арнайы келіп, студенттермен ашық әрі шынайы жүздесті.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Депутат – көзі көрмесе де, көкірек көзі ашық, өмірге құштар, белсенді тұлға. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген Кенжегүл Сейтжан өз өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, студенттерге қиындықтарды жеңу жолдарын көрсетіп қана қоймай, шабыт сыйлайтын пікірлерін ортаға салды.

– Қиындық – сенің күшіңді сынап, рухыңды шыңдайтын мүмкіндік. Көзің көрмесе де, жүрегіңнің көзі ашық болса, жолың әрдайым жарық. Негізі, барлық кедергі – адамның миында. Содан арылған күні жаңа өмір басталады. Жүрек көзіңіз ашылып, өмірге басқаша қарай бастайсыз, – деді ол.

Кездесу барысында кеш қонағы жастарға мотивация беретін өзі оқыған кітаптардың арасынан бесеуін атап өтіп, өзінің де жазғалы жүрген кітабы туралы айтып берді. Көзінің көрмейтін сәтінде анасының оған кітап оқып бергеніне ерекше көңіл бөлді.

«Көзім көрмей қалғанда анашым менің көзім болды. Сол арқылы мен әлемді оқып, түсіндім. Тоқтап қалмадым, рухым сынбады. Сол үшін анама мәңгілік қарыздармын. Қазір алдыма «Анамды әлемнің 100 мемлекетіне саяхатқа апарамын!» деп мақсат қойдым. Қаржы жиып жатырмын. Сіздер де солай армандап,



сол жолда жұмыс істеніздер», – деді депутат.

Қазір Кенжегүл Социалұлы брайл әріптерімен айына бірнеше кітапты оқып тауысады, сондай-ақ, аудиокітаптар тыңдап, білімін үнемі жетілдіріп келеді. Ол болашақта өз оқу орнын ашып, жаңа буынға мүмкіндік беруді армандайтынын да жасырмады.

Студенттер сұрақтарын қойып, депутаттың нақты әрі жүректен шыққан жауаптарын тыңдады. Оның өн бойынан сөз саптаудағы шешендігі, биік сахналық мәдениеті және терең білімі байқалып тұрды. Философтардың ұлағатты сөздерін тілге тиек етіп, студенттерді үйіріп әкетті. Өзін сыйлаудың, өзін құрметтеудің де ерекше маңызын дәлелдермен жеткізді.

Айта кетерлігі, Дубайда өткен жасөспірімдер арасындағы V Азия пара ойындарында осы оқу орнының паражүзушілері Ділназ Бейсекеева мен Нұрдаулет Дүйсенбаев тоғыз қашықтықта жүлдегер атанған.

Паражүзуші Нұрдаулет Дүйсенбаев өз өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, «Менің де көзім көрмейді» дегенде, Кенжегүл Социалұлы сыпайы үнмен: «Жарайсың!» деп жауап беріп, қатысушыларды күлкіге бөледі. Бұл сәт залдағы студенттердің көңілін бірден көтеріп, кездесудің ең әсерлі сәті болды.

Аталған оқиға студенттер-

ге сынаққа күле қарауға, қиындықтарды жеңілдетіп қабылдауға үйрететін тамаша мысал болды. Жас спортшылардың табандылығы мен жетістігі, сондай-ақ, осындай қиындықтарды жеңіп, биіктерді бағындырған депутаттың қолдауы жастарға өмірлік сабақ болып, әр кедергіні жігермен еңсеруге шабыт сыйлады.

«Парламент Мәжілісінің депутаты болғандықтан, алдымда үлкен жауапкершілік бар. Еліме адал қызмет етуім, оның үмітін ақтауым қажет. Мен – халықтың қызметшісімін. Бұл оңай жол емес, әрине, бірақ мен үнемі ізденістемін, әр жаңалықты, әр мүмкіндікті тиімді пайдалануға тырысамын. Ел ертеңі – менің күнделікті күш-қуатымның қайнар көзі. Жастардың дамуы мен қоғамның өркендеуі үшін іздену мені алға жетелеп, жігерлендіреді. Әр ісің шынайы адалдықпен, жүрекпен жасалғанда ғана нәтиже береді», – деді ол.

Кездесу барысында колледжде инклюзивті білім беру-ді қолдау мақсатында ашылған кабинетке де баса назар аударылды. Колледж директоры Гүлмира Сұлтанмұратқызы бұл бастаманы көтеріп, Кенжегүл Социалұлын арнайы шақырған еді. Заманауи техникалық құралдармен жабдықталған кабинет ерекше қажеттіліктерін бар студенттерге білім алу мүмкіндігін теңдей қамтамасыз етеді.

Шара музыкалық сәттерге де толы болды. Қазақ халық аспаптар оркестрінің әуендері мен колледждің «Арқа әуені» студенттер хоры қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Бұл кездесу жастар үшін тек мотивация мен шабыт көзі ғана емес, өмірлік сабақ, қиындықты жеңудің үлгісі болды.

«Жас буынға айтқым келетін басты нәрсе – әр кедергі сенің бойыңдағы күш пен жігерді арттырады. Өмірде көзің көрмесе де, бәрін сезіну, бәрін жасауға талпыну әрқашан қолыңда», – деді Кенжегүл Социалұлы сөзін қорытындылап.

Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі осындай шаралар арқылы студенттерге білім беріп қана қоймай, әрбір жасқа өз мүмкіндігін толық ашуға, инклюзия мен теңдік қағидаларын бойға сіңіруге жол ашып отырғанын атап өткен жөн.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Мемлекеттік қызмет мерейі – білімділікте

Кеншілер өлкесінің мемлекеттік қызметшілері үшін 2025 жыл білім мен цифрлық құзыреттерді жетілдіру жылы болды. Нақтырақ айтсақ, екі мыңнан астам адамды қамтыған семинар, қайта даярлау курстары мен арнайы бағдарламалар аймақтағы мемлекеттік басқарудың сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталды. Өмірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясы облыстық филиалының директоры Серікжан Байбосынов басты мақсат қызметшілердің кәсібилігін арттырып, тиімді басқару шешімдерін қабылдау қабілетін дамыту екендігін атап айтты.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Біліктілік пен қайта даярлау: нақты нәтижелер

Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы филиалы жыл бойы 86 топта оқыту жұмысын жүргізген. Оның ішінде, 72 біліктілікті арттыру семинары, 12 қайта даярлау курсы және ауыл әкімдеріне арналған 2 арнайы курс бар.

– Оқытуға барлығы 2077 адам қатысты. Атап айтсақ, 1267 мемлекеттік қызметші, 172 ауыл әкімі, 13 қала, аудан мәслихаттарының депутаты, 350 сайлау комиссияларының мүшесі және 275 азаматтық қызметші қайта даярлау курсынан. Бұл – өңірдің мемлекеттік қызмет сапасын арттырудағы нақты көрсеткіш, – дейді филиал директоры Серікжан Байбосынов. Семинарлар мен курстар түрлі

бағыттарға бөлінген. Жоспар-кесте бойынша 39 топ, мемлекеттік органдардың сұранысымен 22 топ, сайлау комиссияларының мүшелері үшін 17 топ, қала мен аудан мәслихаттарының депутаттарына 1 топ, қоғамдық кеңес мүшелері үшін 2 топ және 5 топ облыс басқармаларының ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жоғары оқу орындарының қызметшілеріне арналған.

Ауыл әкімдеріне арналған арнайы қайта даярлау курсы 172 аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдеріне бағытталыпты. Ал, 240 академиялық сағат көлеміндегі стратегиялық сессия, практикалық жаттығу, интерактивті пікірталастар һәм сарапшылармен кездесулер өткізілген. Қатысушылар өз округінің экономикалық даму бағдарламаларын қорғап, нақты практикалық дағдыларға ие болды.

Оқу бағдарламасының мақсаты – жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін тиімді шешуге,

тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуге қажетті кәсіби және басқарушылық құзыреттерді дамытуға бағытталған.

– Ақтоғай ауданы әкім аппаратының сұранысы бойынша «Мемлекеттік қызмет көрсету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында көшпелі семинар өткізіліп, оған 40 адам қатысты. Аудандар мен қалаларда 17 топ ұйымдастырылып, сайлау комиссияларының 350 мүшесі оқытылды, – деп атап өтті Серікжан Берікбайұлы.

Цифрлық даму мен тиімді басқару

Айта кетерлігі, филиал цифрлық білімге де ерекше назар аударып келеді. Мамыр айынан бастап, «Аi Qyzmet» бағдарламасы бойынша жасанды интеллект негіздері оқытылып, 3116 мемлекеттік қызметші практикалық дағдыларға ие болды.

Бұл бағдарлама мемлекеттік басқаруда цифрлық мәдениетті қалыптастырып, тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беріп, қызметшілердің цифрлық сауаттылығы өңірдегі басқару сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап айту керек.

Бұдан бөлек, магистратура мен докторантураға түсуге ниет білдірген мемлекеттік қызметшілерге кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіліп, 20 үміткердің ішінде 5 адам магистратураға, 1 адам док-



торантураға қабылданған.

Қараша айында өткізілген ассессмент-орталыққа 59 мемлекеттік қызметші қатысып, олардың басқарушылық және кәсіби құзыреттері жан-жақты бағаланыпты.

– Екі күндік формат қызметшілердің күрделі басқарушылық жағдайларда стратегиялық ойлау қабілетін, шешім қабылдау дағдыларын және мінез-құлық ерекшелігін талдауға мүмкіндік берді. Сегіз халықаралық сертификатталған маман қатысқаны нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етті – дейді Серікбай Байбосынов.

2025 жылғы семинарларда «Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы менеджмент және комплаенс», «Жасанды интеллект: артықшылықтар мен әлеуетті тәуекелдер», «Ең алдымен адамдар: мемлекеттік қызметтер сапасын арттырудың практикалық құралдары», «Креативті индустрия: мемлекеттік органдар үшін перспективалар», «Е-Қызмет платформасында персоналды басқару процестерін оңайлату» сынды тартымды тақырыптар қамтылған.

Академия қоғамдық байланыстарға да ерекше көңіл бөліп, мемлекеттік органдар, «Аманат» партиясы, үкіметтік емес ұйымдар және бизнес-қоғамдастықтармен тұрақты байланыста жұмыс атқа-

руда. Қатысушылардың 96,5%-ы курстардың өзектілігін, практикалық маңыздылығын және жаттықтырушылардың кәсібилігін жоғары бағалағанын атап өткен жөн.

Қорыта айтсақ, облыстың мемлекеттік қызметшілерін оқыту жоспарланған көлемде жүзеге асырылған. Сала мамандары алдағы жылдары да цифрлық және стратегиялық бағыттағы оқытуларды жалғастырып, өңірдегі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтеруді жоспарлап отыр.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДОДА

Батыр ерлігі дәріптелді

Қарағандыда еріктілерден, жастар мен зейнеткерлерден құралған «Skif» тау спорт клубы бар. Сол клуб мүшелері әр демалыс күні табиғат аясына серуендеп, түрлі спорттық сайыстар өткізіп келеді. Күні кеше спорт клубының бастамасымен «Qarly Tauseugen» қысқы тау спорты түрлерінен жарыс өтті. Бұл іс-шара Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай батыр рухына тағзым ету мақсатында ұйымдастырылған. Спорттық додаға Парламент Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов пен облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов қатысып, жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Әрі Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын да қатысып, іс-шараның маңыздылығына тоқтады.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шараға 150-ге жуық адам қатысты. Бұлардың қатарында клуб мүшелері, жастар мен зейнеткерлер де бар. Нұрлан Рахметоллаұлы өз сөзінде аталған клубтың жұмысына тоқталып өтті.

– Бүгінде батырдың құрметіне көшелер мен мектептерге есімі беріліп жатыр. Сонымен қатар, батырдың атымен өзге де нысандар, кабинеттер ашылууда. Осындай игі бастамалардың қатарында «Skif» тау спорт клубының атқарып жүрген іс-шараларын да ерекше атап өтуге болады. Көпшіліктің басын қосып, батырдың ерлігін ұлықтау жолында ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Алдағы уақытта бұл бастамаларыңыз облыстық деңгейге көтерілсін дегім келеді, – деді Нұрлан Бикенов.

Ерлан Құсайын мұндай атаулы

даталардың ел өміріндегі орны айрықша екендігін баса айтты.

– Біз – бақытты ұрпақпыз. Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан ұлан-ғайыр даланы ата-бабаларымыз бізге аманат етіп қалдырды. Сол жолда халқымыз талай қиын-қыстау кезеңдерді, тар жол, тайғақ кешулерді бастан өткерді. Бүгінде біз тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүріп отырмыз. Сондықтан, Тәуелсіздіктің қадірін терең түсініп, оны көздің қарашығындай сақтау – әр азаматтың борышы. Өйткені тәуелсіздік – ең қастерлі құндылық. Бауыржан Момышұлы сынды ардақты бабаларымыз осы жолда ұрпақтың жарқын болашағы үшін аянбай күресті. Батырдың ғұбратқа толы өмір жолы мен ерлігі бүгінгі буынға мәңгілік өнеге болып қала береді, – деді Ерлан Құсайын.

Қатысушылар Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлына арналған ескерткіш белгіге дейінгі 4,3 шақы-

рымды бағындырды. Ал, әскери қызметкерлер қатысушылар мен қонақтар үшін арнайы шатырлар тігіп, ыстық ас ұйымдастырды. Сонымен қатар, 1942 жылы майдан даласында болған зеңбіректі де әкеліп, көпшілік назарына ұсынды. Майдан даласында қолданылған бұл тарихи жәдігер бүгінге дейін сақталып, қалпына келтірілген. Десе де, соғыс кезінде ок тиген, снаряд жарықшағы түскен іздері әдейі сол күйі қалдырылған. Себебі, өскелең ұрпаққа соғыстың қандай қасіретті болғанын көзбен көріп, жүрекпен сезіндіру мақсатында жасаған көрінеді.

Бұдан бөлек, спорттық-қолданбалы сайыстар да ұйымдастырылды. Қатысушылар зеңбірек итеріп, эстафеталық жарыстарда бақ сынады. Қой да көтеріп, садақ тартты. Іс-шара соңында Бауыржан Момышұлының бейнесіне енген әскери қызметкер он сарбазын бастап, атпен келетін сахналық көрініс көрсетілді.

– Мұндай тағлымды шаралардың жастар үшін маңызы ерекше. Себебі, өскелең ұрпақ қазақ батырларының ел мен жер жолындағы ерен еңбегін, халқына сіңірген қызметін терең танып-білуі тиіс. Тарихты тану – ұлттық сананың қалыптасуының негізі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау мен оны кеңінен насихаттау – бүгінгі буынның басты міндеті. Біздің клубта жастардың үлесі басым. Сондықтан, осындай мазмұнды әрі тәрбиелік мәні зор іс-шаралар арқылы жас буынның бойына қазақ халқының бай тарихи мұрасын сіңіріп, отансүйгіштік рухты қалыптастыруды басты мақсат етіп келеміз, – деді «Skif» тау спорт клубының мүшесі, зейнеткер Сәкен Келдібай.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ!

Жанр мен дәуір

«Ажал айтып келмейді». Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» және «Айбоз» әдеби сыйлықтарының лауреаты, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлық иегері Төкен Әлжантегінің мемлекеттік тапсырыс аясында күн көзіне шыққан ретті кітабы осылай аталыпты.


Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Төкен Әлжантегінің бұған дейін де «Қым-қиғаш тіршілік», «Сегіз сері», «Сарбас ақын», «Ақ-қараның арасы» сынды сүйекті төрт романы оқырман жүрегіне бекіген. Атаулы кітап сана түпкіріне саяхат рәуішті. Автордың қазақтың арғы-бергі тарихына қатпарлай еніп, оны бүгінгі күннің тілімен сөйлету шеберлігі таңырқатады. Сөзгер ажал алдындағы адамның кеңістігін құрғақ жайттар ретімен емес, ілкіден бергі ізденісімен, күйзеліс пен үргедек үмітімен қоса суреттейді.

Иә, келіспеске айла жоқ. «Ажал айтып келмейді». Ажал, шынымен де, хабаршысыз келеді. Бірақ, асыл сөз – әдебиет пен тарлан тарих өлімнің мәңгілік бітіспес қарсыласы. Өнер уақыт пен тар қапастың шекарасын бұзып-жарып, өткенді, өшкенді тірілте салады. Төкен Әлжантегінің қуатты қаламы дәл осы мұғжизаны көз алдымызға көлденең келтіреді. Осы кітапты оқып болған соң ойымыз тосын жайға тап болғандай іркіледі дерсіз. Өткенді түсініп болмай, болашақ есік қақпайды екен ғой. Ал, сол өткеннің дауысын есту – жазушының киелі де келелі міндеті.

Кітапта «Пандемия сілікпесі», «Қызметтегі келіншек», «Дүйсеннің көпірі», «Адасқан махаббат», «Сұршақыз», «Тамырымен жұлынған өрік ағашы», «Атасының басын іздеген Қораш», «Алданыш жетегінде», «Әруақ атқан Пүшән», «Ажал айтып келмейді», «Ажалдың ойыны», «Болмысы бөлек қыз», «Қайындының көкпары», «Шыңыраудан шыққан шындық», «Ана мейірі» атты әңгімелер мен «Жанарда қалған желтоқсан жасы» атты шағын романы жайғасыпты. Уақыттан тоқылған өрнек іспетті жөні бөлек кітап бетін ашқанымызды асыл сөздің соңғы жол-жолағы да дала дауысындай үнсіздікке еніп кетіп қайыра жаңғыратындай. Көңіл көзі бет алдымызға әлі де дәуірлерден кеп жеткен дауыстардың, арқандалған, талқандалған таңғажайып тағдырлардың көрмесіндей көлкіп тұрады. «Пандемия сілікпесі» панорамалық мәндегі дәуірнамаға бергісіз бөгенайы бөлек дүние. Ғасыр шірегіндегі ғаламдық ғалауаттың қайшылықты да айшылықты драмасы – бұл. «Жанарда қалған желтоқсан жасының» тарихи трагедиясына кім де кім қалай иланбас? Қалайша инанбас?! Еңсегей еңбектегі әркездегі әрқилы персонаж ақыр түбі халық жадына тамыр жайған тірі куәгерлер.

Жазушы жаман мен жақсы талғамайды. «Қызметтегі келіншек» тұрмыстық әңгімесі кенеттен мифке



айналып, «Әруақ атқан Пүшәннің» эпостық әлемімен біртұтас көрмені бөлісетіндей әсер сыйлайды. Міне, кітаптың ең тылсым сыры осында. Сөзгер жанр мен дәуір, кейіпкер мен күйреу шекарасын шетінен сетінетіп жояды. Әлжантегі әлемінде ешқандай қорытынды жоқ. Кітап бетінен түгесілген әсерлі де дәсерлі, кестелі де дестелі оқиғалар легі өз ішіміздегі әңгімеге ілесіп кете береді. Ақырғы ақиқат айтылып біткендей. Бірақ, мұнан кейінгі тылсымат тыныштық алдамшы. «Әруақ атқан Пүшәннің» үрейлі үні, «Тамырымен жұлынған өрік ағашының» ыңырусы санамызды сарсаңға салады. Кітап үнсіз қалмайды екен. Осылайша Т.Әлжантегі осы жинағынан эпикалық мінбер тұрғызды.

Әр штрих, әркелкі деталь өз орнында. Жөнекей жайттар жоқ. Фон да кем. Сөз иесі ешкімді ешқашан ешқалай соттамайды да, жоқтамайды да. Насихат та қылмайды. Тек әредік «Алданыш жетегіндегі» үмітке осылған, тосылған жүректер шарқ ұрады. Сүю сезімі қорқыныштың өзінен күштірек! Сол сүйіспеншілік ажалдан соңғы уақыт кездемесін әрі қарай кестелей беріп ақырғы ақиқат аланын құрады. «Ажал айтып келмейдінің» қаһармандары ешбіреумен қоштаспайды. Сөйтіп, Ажал артқа шегінеді. Осылайша өлімге жымия тік қараған кітап оқырманына жол тартты...

Сурет автордан

• БОКС

Жаңа есімдерді жарқыратқан турнир

Жыл соңында үздік боксшылардың арқа төсінде бас қосатыны бар. Әр өңір сайдың тасындай кіл мықтыларын іріктеп, өнерін ортаға салады. Бұл – спорттық дода ғана емес, талай таланттың томағасын сыпырып, үлкен аренаға жол ашқан беделді бәсеке. Айтып отырғаным – Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ғ.Жарылғаповты еске алуға арналған халықаралық турнир. Быыл осы бәсеке 41-ші мәрте халықаралық деңгейде ұйымдастырылған. Төрт күнге жоспарланған бокс мерекесі де мәресіне жетіп, үздіктер анықталды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы турнир былтырғысынан бәсі де, бәсекесі де жоғары өтті. Олай дейтінім, осы жолы турнирге 200-ден астам боксшы қатысқан. Олардың қатарында қазақстандық боксшылар ғана емес. Қытай, Тәжікстан, Өзбекстаннан да келген үздік команда бар.

Бұл турнирге жыл сайын үздіктерін алып келетін командалардың қатарында Алматы да бар. Ерлер командасының аға бапкері Медеу Жұмашев биылғы бәсекеге 14 спортшысын алып келіпті. Оның жетеуі жүлделі орындардан көрініпті. Атап айтсақ, екі шәкірті чемпион атанса, төртеуі ІІ орын, біреуі ІІІ орын иеленген.

– Былтыр да бұл турнирге шәкірттерімді алып келгенмін. Сол жылы бізден тек біреуі ғана чемпион атанды. Ал, биылғы чемпионат былтырғыға қарағанда тартысты өтті. Өзбекстан құрамасының боксшыларының дайындығы жоғары деңгейде. Ұлттық құрама сапында өнер көрсетіп жүрген спортшыла-

рын да алып келіпті. Бірақ, біздің боксшыларымыз керемет нәтиже көрсетіп, былтырғы көрсеткішімізден асып түсті, – деді Медеу Ерманұлы.

85 келіде жұдырықтасқан алматылық Бекнұр Батырбек пен аса ауыр салмақтағы Ерсұлтан Сапар үш жекпе-жек өткізіп, чемпион атанған. Ал, 75 келідегі Нұртілеу Әлиәқпаров чемпиондыққа бір қалам жетпей, күміспен күнтелген.

– Нұртілеудің ересектер арасындағы бәсекеге бірінші мәрте шығуы. Десе де, дайындығының арқасында күміс жүлдеге қол жеткізді. Ақтық сынга дейін төрт кездесу өткізген. Тәжікстан, Өзбекстан құрамасының боксшыларын жеңді. Бірақ, ақтық кезеңде Қытай боксшысынан айласын асыра алмады. Оған аяқпен жұмыс істеуді, жекпе-жекті техникамен алып шығу қажеттігін ескерттім. Бірақ, дегенімді орындай алмай қалды. Қызбалыққа салынып, жұдырықтасты. Ал, әккі қарсыласына да сол керек. Екінші нөмірде жүріп-ақ жеңісті жулып алды. Келер жылдан Азия ойындарына дайындықты

бастаймыз, – деді Алматы команда-сының аға бапкері.

Бұл турнирде Алматыдан келген қыздар командасы да сәтті өнер көрсетті. Жалпы, турнирге қыздар командасы сапында 12 боксшы бақ сынап, тоғызы жүлделі орындарға іліккен. Оның екеуі алтын, екі күміс жүлде еншілессе, бесеуі қола медальға қол жеткізген.

Қарағанды облысының қыздар командасы да сәтті өнер көрсетті. Жалпы, аталған турнирге қатысқан алты боксшының алтауы да құр қол қайтпапты. 48 келіде өнер көрсеткен Гүлназ Бөрібаева мен 54 келідегі Аниита Адиева чемпион атанған. Ал, 51 келідегі Гүлнар Тұрапбай мен 60 келідегі Аяжан Ермек күміс еншілессе, 65 келідегі Жасмин Қизатова мен 70 келідегі Азиза Исинаның еншісіне қола жүлде бұйырды. Әрі жалпы-командалық есепте алматылықтардан кейінгі сатыға жайғасқан. Сонымен қатар, Аниита Адиева шеберлігі мен үздік техникасымен көзге түсіп, қыздар арасындағы «Үздік боксшы» атанды.

Аниита Адиева бұл турнирде



екі кездесу өткізген. Өз салмағында үздіктердің бірі болғандықтан, жарыс жолын бірден жартылай финалдан бастапты. Сөйтіп, жартылай финалда алматылық қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, ақтық кезеңге жолдама алады. Ал, шешуші сында қытайлық боксшымен қолғап түйістіреді.

– Бұл турнирге кіл мықтылар келеді. Осалы жоқ. Әрі ауқымы үлкен болғандықтан, әр команда өз мықтыларын іріктеп қосады. Осы жолғы менің басты қарсыласым – қытайлық боксшы. Ірі денелі, әрі

бойшаң. Бірінші раундтан кейін бапкерім қарсыласқа қысым жасауды тапсырды. Яғни, бірінші нөмірде бокстасып, жақын арақашықтықты ұстауды тапсырды. Нәтижесінде, бапкерімнің кеңесінің арқасында жеңіске жеттім. Енді қантарда Алматыда оқу-жаттығу жиыны өтеді. Ал, ақпанда Болгарияда Странджа құбоғы басталады. Шамалы демалыстан соң дайындықты қайта бастаймыз, – деді Аниита.

Жалпы, өткен жолы облыс командасы Федерация құбоғында өнер көрсетіп, ІІІ орын иеленген

болатын. Сол бәсекеде қыздар командасында осы алты боксшымыз өнер көрсеткен. Бүгінде, сол алты боксшымыз Жарылғапов турнирінде күш сынап, жүлдегерлер қатарынан көрініп отыр.

Ал, Қарағандының ерлер командасы да алтынсыз қайтпады. Жарыс жолына түскен бес боксшымыз жүлдегерлер қатарында. 70 келіде өнер көрсеткен Райымбек Асылбеков пен 92 келідегі Нұржан Думан қарсылас шақ келтірмей, алтыннан алқа тақты.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерс: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Өлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBZKZХ БИН 000840001412 Тарапымыз 3 526 №142 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
--